

№13 Ғылыми кеңес мәжілісінің

Шешімдері

Шымкент қаласы

31 наурыз, 2026 жыл

1.2024-2025 оқу жылындағы « IT және жаратылыстану» факультеті жұмысының қорытындысы бойынша кешенді тексеру және 2025-2026 оқу жылындағы даму перспективалары туралы

Шешім:

1. «Жасанды интеллект және инновация» факультеті бойынша кешенді тексеру комиссиясының төрағасы П.Ж. Парманкулованың есебі мақұлдансын және назарға алынсын.

2. «Жасанды интеллект және инновация» факультет деканы «IT және цифрлық технологиялар» кафедрасымен (Ботаева С.Б.) бірлестікте:

-«IT және цифрлық технологиялар» кафедрасының ғылыми әлеуетін күшейту мақсатында кафедраға ғылыми дәрежесі бар ғалымдарды тарту жұмысы үздіксіз және жүйелі түрде жүргізілсін және оқу үдерісіне қонақ лекторларды тарту жұмыстары жандандырылсын (орындау мерзімі: 2026 жыл ішінде).

- «IT және цифрлық технологиялар» кафедрасының бакалавриат және магистратура білім беру бағдарламаларына, оның ішінде «Информатика» білім беру бағдарламасына аудит жасалсын және «Жаңа мамандықтар атласы» негізінде білім беру бағдарламаларын жаңарту мақсатында еңбек нарығының сұранысына және заман талабына сәйкес («Жасанды интеллект инженері», «Big Data», «AI жүйе архитекторы» және т.б.) бакалавриат және магистратура деңгейінде білім беру бағдарламалары енгізілсін және 2026-2027 оқу жылына түлектер қабылдауға дайындық жұмыстары жүргізілсін (орындау мерзімі: мамыр 2026 жыл).

- 6B06102- «Ақпараттық жүйелер» пәндері бойынша QS WUR Ranking By Subject рейтингіне қатысу жүзеге асырылсын (орындау мерзімі: 2026 жыл ішінде).

- студенттердің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында IT компаниялар базасында дуальды оқыту жүзеге асырылсын (орындау мерзімі: 2026 жыл ішінде).

- студенттердің практикалық дағдыларын дамыту мақсатында «Жасанды интеллект» зертханасының базасы толыққанды қолданылсын (орындау мерзімі: 2026 жыл ішінде).

-студенттердің Coursera платформасындағы курстарға қатысу белсенділігін арттыру мақсатында Coursera курстарының кредиттік сағаттарын оқу пәндеріне сәйкестендіру және баламалау жұмыстары жүргізілсін (*орындау мерзімі: 2026 жыл ішінде*).

- болашақ талапкерлерді университетке тарту және студенттердің студенттік өмірін мазмұнды әрі қызықты ұйымдастыру мақсатында түрлі іс-шаралар күнделікті негізде тұрақты түрде өткізілсін (*орындау мерзімі: 2026 жыл ішінде*).

- факультеттің жоспарына шетелдік студенттерді тарту бойынша маңызды іс-шаралар өткізу енгізілсін (*орындау мерзімі: 2026 жыл ішінде*).

3. Профессор-оқытушылар құрамының ғылыми-зерттеу іс-әрекетін белсендіру және олардың Scopus және Wef of Science мәліметтер базасында индекстелетін журналдардағы ғылыми жарияланымдарын көбейту мақсатында *факультет деканы Ғылым департаменті (Оралбекова А.К.), «IT және цифрлық технологиялар» кафедрасының меңгерушісі (Ботаева С.Б.) бірлестікте:*

-кафедраның ғылыми-зерттеу бағыты жалпылама сипаттан нақты әрі басым бағыттарға негізделе отырып қайта қаралсын (*орындау мерзімі: сәуір 2026 жыл ішінде*).

- профессор-оқытушылардың жылдық жеке жұмыс жоспарларына рецензияланатын журналдарда мақала жариялау енгізілсін және Q1 және Q2 квартиліне енетін журналдардағы әрбір жарияланым туралы ақпарат университеттің ресми сайтында, әлеуметтік парақшаларында жариялансын (*орындау мерзімі: 2026 жыл ішінде*).

-Хирша индексі (h-индекс) жоғары профессор-оқытушылардың тізімі дайындалсын (*орындау мерзімі: 2026 жыл ішінде*).

-кафедраның профессор-оқытушыларының 2027-2028 жылдарға арналған гранттық конкурстарға қатысуын қамтамасыз ету мақсатында алдын ала ғылыми бағыттар бойынша топтар құрылып, арнайы дайындықпен қатысуы қамтамасыз етілсін және конкурсқа жетекші ретінде қатыса алатын профессор-оқытушылардың Scopus және Wef of Science мәліметтер базасындағы жарияланымдары саралансын (*орындау мерзімі: 2026 жыл ішінде*).

-«ЖОО үздік оқытушысы» конкурсына қатысу мақсатында кафедрадан оқытушыларды жоспарлы түрде дайындау жұмыстары жүзеге асырылсын (*орындау мерзімі: 2026 жыл ішінде*).

-Республикалық студенттердің ғылыми-зерттеу конкурсына қатысу мақсатында сстуденттерді жоспарлы түрде дайындау жұмыстары жүзеге асырылсын (*орындау мерзімі: 2026 жыл ішінде*).

-студенттердің ғылыми-зерттеу белсенділігін күшейту мақсатында университетте IT Хакатон, стартап конкурстары ұйымдастырылсын (*орындау мерзімі: 2026 жыл ішінде*).

2. 2024-2025 оқу жылы түлектерінің жұмыспен қамтылу көрсеткіштері бойынша аналитикалық есеп және 2025-2026 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары туралы

Шешім:

1. Жұмыспен қамту және мансап орталығының басшысы Р.О.Халикованың 2024–2025 оқу жылы түлектерінің жұмыспен қамтылу көрсеткіштері бойынша аналитикалық есебі және 2025–2026 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары туралы баяндамасы назарға алынсын.
2. Университет түлектерін жұмысқа орналастыруға бағытталған іс-шараларды өткізу Академиялық комитеттің жұмыс жоспарына енгізілсін және іске асырылуы қамтамасыз етілсін. *Орындау мерзімі: 2026 жыл тамыз.*
- 3 «Жас маман – 2026» бос жұмыс орындары жәрмеңкесін ұйымдастыру және өткізу қамтамасыз етілсін. *Орындау мерзімі: 2026 жыл мамыр.*
- 4 Мемлекеттік білім беру гранты негізінде білім алған түлектермен тұрақты байланыс орнатылып, олардың еңбек қызметі (әскери қызметте болуы, бала күтіміндегі демалыста болуы және т.б.) туралы мәліметтер нақтылансын. Орындау мерзімі - жыл бойы. Есеп беру мерзімі - 2026 жылғы мамыр.
- 5 Түлектердің магистратураға түсуіне жан-жақты қолдау көрсету мақсатында консультациялық, ақпараттық және әдістемелік жұмыстар ұйымдастырылсын. Орындау мерзімі - жыл бойы. Есеп беру мерзімі - 2026 жылғы мамыр.
- 6 Түлектердің жұмыспен қамтылу көрсеткіштерін арттыру мақсатында жұмыс берушілермен өзара ынтымақтастықты кеңейту, кәсіпорындармен меморандумдар мен келісімшарттар жасасу, дөңгелек үстелдер мен кездесу алаңдарын ұйымдастыру арқылы жүйелі түрде іс-шаралар жүргізілсін. Орындау мерзімі - жыл бойы. Есеп беру мерзімі - 2026 жылғы мамыр.
- 7. Жұмыспен қамту және мансап орталығына:**
 - 7.1. Түлектердің жұмыспен қамтылуы бойынша деректер базасы тұрақты түрде жаңартылып, мониторинг жұмыстары жүргізілсін. Орындау мерзімі - жыл бойы. Есеп беру мерзімі - 2026 жылғы мамыр.
 - 7.2. «Жас маман – 2026» бос жұмыс орындары жәрмеңкесін ұйымдастыру және өткізу қамтамасыз етілсін. Орындау мерзімі - 2026 жылғы мамыр.

Осы қаулының орындалуын бақылау Жұмыспен қамту және мансап орталығына жүктелсін.

3. Университет білім беру бағдарламаларының институционалды және мамандандырылған аккредиттеуден өтуге дайындығы туралы

1. Академиялық мәселелер жөнінде проректор П.Байнееваның «Университет білім беру бағдарламаларының институционалды және мамандандырылған аккредиттеуден өтуге дайындығы туралы» баяндамасы назарға алынсын.
2. Институционалды және 22 БББ бойынша аккредиттеу стандарттарының өлшемдеріне сәйкестігі тұрғысынан өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы есептер бекітілсін.

3. Аккредиттеу және лицензиялау орталығының басшысы

3. Ораловаға:

Аккредиттеудің тәуелсіз қазақстандық орталығымен бірлесіп құрылған сыртқы сараптама тобының жұмыс бағдарламасының орындалуын қадағалау жүктелсін.

4. Құрылымдық бөлім басшыларына, кафедра меңгерушілеріне:

- білім беру қызметін жүзеге асыратын, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарына, сондай-ақ оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесіне құжаттаманың сәйкестігі бойынша аудит жүргізілсін;

- аккредиттеу стандарттарының өлшемдеріне сәйкестігі тұрғысынан өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы есеп бойынша растайтын құжаттар жинағын дайындау қамтамасыз етілсін;

- құрылымдық бөлімдердің басшыларымен бірлесіп, растайтын құжаттарды жинау, жүйелеу және олардың сенімділігін тексеруді бақылау қамтамасыз етілсін;

- дайындалған құжаттарды ішкі тексеру және сыртқы сараптау үшін уақытылы ұсынылуы қамтамасыз етілсін;

- постаккредиттеу мониторингте анықталған ескертулерді жою бойынша университеттің білім беру, ғылыми және әкімшілік қызметін жетілдіру жөніндегі жүйелі жұмыстар жалғастырылсын.

5. СМЖ бөлімінің басшысы А. Тауасароваға:

ESG стандарттарына сәйкес сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етілсін.

6. Жасанды интеллект орталығының инженер-бағдарламашысы

С. Толендыге:

- сайттың сапасы қамтамасыз етілсін: дизайн, навигация, құрылымдылық және ақпараттық мазмұны, негізгі браузерлерде дұрыс көрсетілуі, мобильді нұсқасының болуы, аударма сапасы, сайттың үш тілдегі мазмұнының бірдейлігі, жаңарту жиілігі, пайдаланушыға ыңғайлылығы (эргономикалығы);

- білім алушылар үшін және қоғам үшін ЖОО-ның ашықтығын қамтамасыз етілсін (конкурстарға қатысу шарттарын, академиялық ұтқырлық туралы ақпаратты сайтта жариялау және т.б., бағалау критерийлерін жариялау, жатақханадағы орындарды ашық орналастыру, университеттің есебін жариялау);

- құрылымдық бөлімдердің басшыларымен бірлесіп, осы шешімнің орындалуын бақылауды және сайтты жүйелі түрде жаңарту мен мониторингтеуді қамтамасыз етілсін.

7. Білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Г. Аширбековаға:

- оқу процесінде қолданылатын барлық оқу-әдістемелік материалдардың сапасы қамтамасыз етілсін;

-оқу-әдістемелік материалдарды университеттің «Платонус» ААЖ және ресми сайтында студенттер, оқытушылар және басқа да мүдделі тұлғалар үшін ашық түрде орналастырылсын;

- құрылымдық бөлімдер басшыларымен бірлесіп, осы шешімнің орындалуын бақылауды, материалдарды жүйелі түрде жаңартылуы және сайттағы мониторингі қамтамасыз етілсін.

8. Аппарат басшысы К. Сугирбековаға, Инфрақұрылымдық даму орталығының директоры Д. Жұмабаевқа:

- құрал-жабдықтардың заманауи деңгейде жұмыс істеп тұруын қамтамасыз ету үшін жүйелі техникалық қызмет көрсетілуі және жаңғыртылуы қамтамасыз етілсін;

- құрылымдық бөлімдердің басшыларымен бірлесіп, осы шешімнің орындалуын бақылау, сатып алу жоспарларын жасау, жаңғырту жұмыстарын жүргізу және материалдық-техникалық базаны тиімді пайдалануы қамтамасыз етілсін.

9. Білім алушыларды тіркеу және қолдау орталығы басшысы А. Жунисоваға:

Білім алушылардың жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізуіне ықпал ететін қолдау қызметтерінің жұмыс істелуі қамтамасыз етілсін (білім беру ресурстарын бөлу, жоспарлау және қамтамасыз ету кезінде білім алушылардың түрлі топтарының қажеттіліктерін ескеру және оқыту мен оқытуда студентке бағдарланған тәсіл қағидаттарын назарға алу).

10. Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор м.а. Н. Жақабайға:

Студенттерге әлеуметтік қолдау белсендірілсін, оның ішінде:

- кеңес беру және психологиялық қолдау ұйымдастыру;
- студенттердің университет өміріне бейімделу және қатысу бағдарламаларын дамыту;

- студенттердің волонтерлік, спорттық және мәдени іс-шараларға қатысты бастамаларын қолдау.

11. Ғылым және инновация департаментінің директоры А. Оралбековаға:

Университеттің ғылыми қызмет сапасын арттыруды және институционалды аккредиттеу талаптарына сәйкестігі қамтамасыз етілсін, соның ішінде:

- ғылыми қызметтің институционалдық аккредитация критерийлері мен стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз ету, соның ішінде ішкі сапаны қамтамасыз ету механизмдерін енгізу, көрсеткіштердің тұрақты мониторингін жүргізу және өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру;

- профессор-оқытушылар құрамының жарияланымдық белсенділігін арттыруды қамтамасыз ету, оның ішінде халықаралық деректер базаларында (Scopus, Web of Science) индекстелетін басылымдарда;

- ғылыми зерттеулерге сыртқы қаржыландыру тарту бойынша жұмысты жандандыру, соның ішінде гранттық конкурстарға, шаруашылық келісімшарт жобаларына және халықаралық бағдарламаларға қатысу;

- білім алушыларды ғылыми-зерттеу қызметіне тарту, ғылыми үйірмелерді, стартап-жобаларды және зерттеу бастамаларын дамыту арқылы ғылым мен білімнің интеграциясын күшейту;

- біліктілікті арттыру, тағылымдамалар, академиялық ұтқырлық және жас ғалымдарды қолдау арқылы ғылымның кадрлық әлеуетін дамытуды қамтамасыз ету;

- университеттің ғылыми қызметі бойынша деректер базасын жаңарту және толықтыруды қамтамасыз ету, оның ішінде жарияланымдар, жобалар, патенттер және зияткерлік қызметтің өзге де нәтижелері;

- аккредиттеу талаптарын ескере отырып, университеттің ғылыми қызметін дамытуға арналған Жол картасын мақсатты көрсеткіштермен әзірлеу және бекіту.

12. Шешімдердің орындалуын бақылау Академиялық мәселелер жөнінде проректор П.Байнееваға жүктелсін.

4. Әртүрлі мәселелер:

4.1. Оқу-әдістемелік кеңестің құрамын қайта бекіту туралы

1. Академиялық мәселелер жөніндегі проректор П.Т. Байнееваның ұсынысы мақұлданып және назарға алынсын.

2. 2025-2026 оқу жылына университет Оқу-әдістемелік кеңесінің құрамы тізімде көрсетілгендей 33 мүшемен қайта бекітілсін және Оқу-әдістемелік кеңестің қызметі университеттің оқу үдерісін жетілдіруге, білім беру бағдарламаларын әдістемелік тұрғыда қамтамасыз етуге және олардың сапасын арттыруға бағытталсын.

4.2. СМЖ талаптарына сәйкес «Тұрақты инвестициялау» және «Тұрақты қаржыландыру» ережесін бекіту

1 «Тұрақты инвестициялау» және «Тұрақты қаржыландыру» ережесі – QS рейтингісіне қатысу талаптарына сәйкес университетте тұрақты қаржыландыру және инвестициялау қағидаларын енгізу қажеттілігімен негізделген Ереже бекітілсін.

2 «Тұрақты инвестициялау» және «Тұрақты қаржыландыру» ережесі орындалуы университеттің барлық құрылымдық бөлімшелері деңгейінде қамтамасыз етілсін, ал жалпы бақылау университет ректорына жүктелсін.

Ғалым хатшы



З. Жантасова